

## Облыс аумағындағы жекелеген ауылдарды тарату туралы

Алматы облысы әкімдігінің 2006 жылғы 4 қазандағы N 7-22 қаулысы және Алматы облыстық мәслихатының 2006 жылғы 4 қазандағы N 31-244 шешімі. Алматы облыстық әділет департаментінде 2006 жылғы 16 қарашада N 1973 тіркелген

Қазақстан Республикасы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 11-бабындағы 3-тармақшасына сәйкес, жекелеген аудандардың өкілді және атқарушы органдарының пікірлерін ескере отырып Алматы облыстық әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және Алматы облыстық мәслихаты **ШЕШІМ Қ А Б Ы Л Д А Д Ы** :

1. Жекелеген аудандардың төменде аталған ауылдары таратылып, тұрғындары сол селолық округке ең жуық елді мекендерінің құрамына енгізілсін:

1) Балқаш ауданы бойынша:

Бақбақты селолық округінің подхоз Водник ауылы, тұрғындары Бақбақты ауылының құрамына;

Балатопар селолық округінің Ақбайлау ауылы, тұрғындары Балатопар ауылының құрамына;

Көктал селолық округінің Ескі Көктал ауылы, тұрғындары Көктал ауылының құрамына;

2) Жамбыл ауданы бойынша:

Айдарлы селолық округінің Шилібастау ауылы, тұрғындары Айдарлы ауылының құрамына;

3) Қарасай ауданы бойынша:

Шамалған селолық округінің Тасқын ауылы, тұрғындары Шамалған ауылының құрамына;

Бірінші Май селолық округінің Үшқоңыр ауылы, тұрғындары Бекболат ауылының құрамына;

4) Қаратал ауданы бойынша:

Балпық селолық округінің Пияз ауылы, тұрғындары Оян ауылының құрамына;

5) Кербұлақ ауданы бойынша:

Көксу селолық округінің Ынтымақ ауылы, тұрғындары Беріктас ауылының құрамына;

6) Панфилов ауданы бойынша:

Үлкенағаш селолық округінің Қаратөбе ауылы, тұрғындары Әулиеағаш ауылының құрамына;

7) Талғар ауданы бойынша:

Алатау селолық округінің Березка ауылы, тұрғындары Шымбұлақ ауылының  
қ ұ р а м ы н а ;

Нұра селолық округінің Топай ауылы, тұрғындары Нұра ауылының құрамына  
е н г і з і л с і н .

2. Облыстық статистика басқармасы (Б. Төлепбаев) облыстың әкімшілік-аумақтық  
бірліктерін есепке алу мен тіркеуіне өзгерістер енгізсін.

3. Шешімнің орындалуын бақылау облыс әкімінің бірінші орынбасары В.  
Д о л ж е н к о в қ а ж ү к т е л с і н .

4. Осы бірлескен Алматы облыстық әкімдігінің қаулысы мен Алматы облыстық  
мәслихатының шешімі алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен  
соң қолданысқа енгізіледі.

*Алматы облысының әкімі*

*О б л ы с т ы қ м ә с л и х а т*

*сессиясының төрағасы*

*Облыстық мәслихат хатшысы*